



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 20 наурыздағы  
№ ДС-120 дз

**Құрметті депутаттар!**

Кітап оқу мәдениетін дамытуға қатысты сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Елімізде мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде кітапқұмарлардың санын көбейту, тұрғындардың кітапханаларға қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша келесі жүйелі шаралар қабылдануда:

- **біріншіден**, «Барлығына қолжетімді сапалы білім беру» ұлттық баяндама әзірленді және Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары оқу министрліктерінің біріккен алқа отырысында мақұлданды. Онда қосымша білім беру сапасын, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мәселелері қарастырылған;

Аталған бағыттар Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына енгізілуде.

Осыған қоса, балаларды оқуға ерте тарту, оқу дағдыларын қалыптастыру, оқу сауаттылығын дамыту мектепке дейінгі, бастауыш және орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары жаңартылатын болады. Оны 2026 жылдан бастап енгізу жоспарланған.

Сондай-ақ, өңірлерде оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған «оқу мектебі», «Менің отбасым – оқу отбасым» жобалары іске асырылуда.

2023-2024 оқу жылының ІІ тоқсанынан бастап оқушылар арасында барлық мектептер мен балабақшаларда кітап оқуды насихаттайтын, оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және оқу белсенділігін арттыруға бағытталған «8 минуттық оқу» жобасы іске қосылды.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы және «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асырылуда. Аталған бағдарламаны іске асыру шеңберінде мектеп кітапханаларының оқырман санын 1 млн. оқушыға көбейту, ал мектеп кітапханаларының көркем әдебиетінің негізгі қорын 143 млн. дана кітапқа жеткізу жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта ұсынылатын әдебиеттер тізімі [edu.bookfund.gov.kz](http://edu.bookfund.gov.kz) ақпараттық жүйесіне орналастырылған.

Жалпы мектептерде кітап оқуға бағытталған 40-тан астам жобаны сүйемелдеу бойынша жұмыс жүргізілуде;

- **екіншіден**, қазіргі уақытта Қазақстандық Ұлттық электронды кітапханасы (әрі қарай – ҚазҰЭК) [www.kazneb.kz](http://www.kazneb.kz) порталы жұмыс жасауда.

Электронды кітапхана қорына 72 000-нан астам құжат жүктелген (олардың қатарында кітаптар, мерзімді басылымдар, диссертациялар, ноталар, аудио-видеофайлдар, карталар енгізілген). Онда араб, парсы, татар, шағатай тіліндегі қолжазбалар мен төте жазумен басылып шыққан 10 мыңнан аса сирек кітаптар мен қолжазбалар бар. Қазақтың әндері мен күйлері, батырлар жырлары аудионұсқада берілген. Жүктелген құжаттар 64 тілді қамтиды.

Кез келген пайдаланушы интернет желісі арқылы электронды кітапхана порталына тіркелусіз, еркін, авторизациясыз кіріп, толық мәтінді құжаттармен таныса алады. Порталда көзі нашар көретін жандарға да бейімделген функциясы жасалған.

Алдағы уақытта аталған порталға барлық білім беру ұйымдарының оның ішінде мектептердің, колледждердің, жоғарғы оқу орындарының кітапханалары қосылатын болады;

- **үшіншіден**, қазіргі уақытта тұрғындардың кітапханаларға қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында өңірлік стандарттарды ескеріп, ауылдық аймақтардан бастап облыс орталықтарына дейін мәдениет объектілеріне, оның ішінде 3 мыңнан астам кітапханаларға инвентаризация жүргізілді.

Нәтижесінде 7,6 млн. ауыл тұрғындарын кітапхананың норматив желісімен қамту үшін 2025 жылдан бастан кезең-кезеңімен қажетті шаралар қабылданатын болады, атап айтқанда:

- мәдениет саласының әртүрлі бағыттарын біріктіру үшін халық саны 1000 адамнан асатын ауылдарда көпфункционалды орталықтар салу (*мәдени-демалыс объектілерін, кітапхананы, кинозалды қамтиды*);

- халық саны 1000 адамнан аспайтын елді мекендерге жылжымалы кітапхананы жүргізу;

- мәдениет объектілері жоқ ауылдардағы мектеп (*оқушылар жүктемесі 50% жетпейтін*) кітапханаларының потенциалын пайдалану шаралары.

**Сауалда көтерілген отандық кітап басып шығару ісін субсидиялау форматын өзгертуге келер болсақ**, Мәдениет және ақпарат министрлігі кітап ісінде қоғамдық маңызы бар әдебиетті сатып алу, басып шығару және тарату қызметін іске асырады. Оның аясында «Мемлекеттік кітапханаларға және өзге де мемлекеттік ұйымдарға тарату үшін қоғамдық маңызы бар әдебиетке мүліктік құқықтарды белгілі бір мерзімге сатып алу және (немесе) оны басып шығару жөніндегі қағидаларын»<sup>1</sup> (бұдан әрі – Қағида) басшылыққа алады.

Қазіргі таңда аталған Қағидаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізу жұмыстарын жүргізуде. Жаңа Қағида бекітілгеннен кейін қаламгерлер қаламақы, қайта басып шығару бағыттарынан бөлек жаңа туындысын кітап ретінде басып шығарып, кітап дүкендеріне сатылымға қоюға грант алатын болады. Авторлық

<sup>1</sup> 2017 жылғы 18 шілдедегі № 210 Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен бекітілген

құқығы автордың өзінде қалады. Бұл қаламгерлер мен баспагерлерге елеулі қолдау болмақ.

**Баспа өнімдерін, газет-журналдар сататын бірыңғай үлгідегі туристік дүңгіршектер желісін құруға қатысты**

2021-2022 жылдары мерзімді баспа басылымдарын сатудың тиімді жолдары қарастырылды.

Атап айтқанда өңірлерде баспа өнімдерін сату үшін объектіні жалға беру бойынша 10 конкурс (тендерлер) жарияланды. Алайда, өтінімдер түспеуіне байланысты конкурс өтпеді.

Сонымен қатар газеттер мен журналдарды сататын вендингтік аппараттар түріндегі баламасы бойынша коммерциялық есептер жүргізіліп, қорытындысы бойынша оның өтелмеуі себебінен вендингтік аппараттарды сатып алу мен ашудың орынсыздығы анықталды.

Осыған орай қазіргі таңда баспа өнімдерін, газет-журналдар сататын бірыңғай үлгідегі туристік дүңгіршектер желісін құруға қатысты басқа да тәсілдер қаралуда.

**Салық реформасы аясында кітап пен газет шығарушыларды 10 жыл мерзімге салықтан босатуға қатысты**

2022 жылы авторларды, баспа және кітап сату мекемелерін қолдау мақсатымен кітап шығарғанда және сатқанда салынатын қосымша құн салығына (12%) жеңілдіктер енгізу мәселесі қаралды. Алайда бұл бастама Қаржы және Ұлттық экономика министрліктері тарапынан қолдау таппаған болатын.

*Анықтама: Қаржы министрлігі қосымша құн салығын салу тізбесін бұзу тауарларды сатып алатын салық төлеушілерге қосымша жүктеме әкелетінін, бұл өнімнің өзіндік құнының артуына, сондай-ақ, мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігіне түсетін түсімдердің қысқаруына әкеп соғатынын хабарлады.*

*Ұлттық экономика министрлігі қосымша құн салығын алып тастау кітап басып шығарушы ұйымдарға емес, кітап сатушы ұйымдарға ғана пайда әкелетінін айтты. Бұл дегеніміз баспа өнімдеріне салынатын қосымша құн салығын отандық баспаларға әр жылғы айлық есептік көрсеткішке сәйкес белгілі бір мөлшерден асқан жағдайда ғана жүретінін ескертеді.*

*Бұл ретте отандық баспа ұйымдарының басым бөлігінен қосымша құн салығын алынбайды, яғни бұл ірі баспа ұйымдарына ғана (елімізде 3-4 баспа ұйымы бар) бағытталған.*

Зиялы ұлт болудың алғышарты кітап оқитын елге айналуда екенін Президент өткен Құрылтайда баса айтты. Осыған орай, елімізде кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыру үшін Ұлттық кітап күні белгіленеді.

Қазір атаулы мерекені барынша мазмұнды етіп өткізудің Тұжырымдамасы әзірленуде. Тұжырымдамада еліміздің барлық өңірлерінде шығармашылық зиялы қауыммен жұмысты жандандыру, кітап көрме-жәрмеңкелері, фестивальдері және өзге де мәдени-ағартушылық шаралар көзделеді.

Бүгінде халық арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, оқырманды кітапханаға тарту бойынша кешенді жұмыстар Мемлекет басшысының Құрылтайда берген тапсырмасы аясында жалғастырылатын болады.

**Т. Дүйсенова**